



## КОАЛИЦИЯ ПРОТИВ ПЫТОК

«Азаптау – бұл тек адам денесін сындыратын адам төзгісіз тән ауруы ғана емес. Бұл адам болмысын сындыратын алапат психологиялық және жан күйзелісі. Азаптаулардың құрбандары – бұл бүкіл өмірі сынған адамдар»

*Мариана Кацарова, Халықаралық Амнистия*



 OPEN SOCIETY  
FOUNDATIONS

Бұл құжат «Қазақстандағы және Тәжікстандағы азаптаудан бостандық алу қызметі» жобасының шектерінде Еуропалық Одақтың және «Ашық қоғам» Қорының қаржылық қолдауымен дайындалды.

Осы құжаттың мазмұны үшін тек оның авторы – Қазақстанның азаптауға қарсы YEY Коалициясы жауап береді, ал құжаттың өзі ешбір жағдайда Еуропалық Одақтың және «Ашық қоғам» Қорының позициясын көрсететін құжат ретінде түсіндіріле алмайды.

### ҚР Қылмыстық кодексі 146-бап. Азаптаулар

1. Тергеушінің, анықтауды жүзеге асыратын адамның немесе өзге де лауазымды адамның не олардың айдап салуымен не олар біле тұрып немесе олардың үнсіз келісімімен басқа адамның азапталушыдан немесе басқа адамнан мәліметтер алу немесе мойындату не ол немесе басқа адам жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу мақсатымен немесе кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіруі – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға **жазаланады**.

2. Мынадай: 1) адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; 2) бірнеше рет; 3) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіре отырып; 4) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға **жазаланады**.

3. Жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соққан дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға **жазаланады**.

*Ескерту. Лауазымды адамдардың заңды әрекеттері нәтижесінде келтірілген тән зардабы мен психикалық зардап азаптау деп танылмайды.*



**Егер Сіз азаптаудың/қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты аяққа таптайтын қарым-қатынастың құрбаны болсаңыз, Сізге көмектесетін бес маңызды кеңес.**

1. Дерееу ҚР ҚК 146-бабы бойынша, прокуратура органдары – прокуратура қарамағындағы Арнайы прокурорлар басқармасына сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін қозғау туралы арызбен жүгінізіз. Арызда Сізге азаптаулар қолданған тұлғалардың аты-жөндерін, лауазымдарын, егер белгілі болса, лақап аттарын көрсетіңіз; Сізге азаптаулар (қатыгез қарым-қатынас) қолданылған үй-жайды егжей-тегжейлі сипаттаңыз; Сіздің мәлімдемелеріңізді растауға қабілетті куәгерлерді, Сіздің ойыңызша, Сізге азаптаулар қолданудың себебін көрсетіңіз. Арыз ауызша беріле алады, ол туралы жеке хаттама жасалып, оған арызданушы мен арызды қабылдаған лауазымды тұлға қол қояды.

2. Тапсырылғаннан кейін, арыз дерееу Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркеледі, ал арызданушыға талон-хабарлама беріледі. Үзілмелі талон-хабарламаның келесі бетінде Сіздің арызыңыздың қаралуы бойынша ақпарат ала алатын Интернет-ресурстың мекенжайы: <http://service.pravstat.kz>, телефон нөмірлері: 1012 (SMS-сервисі), 8 800-080-7777 (стационарлықтан), 1414 (ұялыдан) көрсетіледі. Егер Сіз бас бостандығыңыздан айырылған болсаңыз/бостандығыңыз шектеулі болса, дербес не қорғаушы арқылы, ондай арызбен барлық жабық мекемелерде болуды жүйелі түрде жүзеге асыратын қадағалаушы прокурорға жүгінізіз. Өзіңізде барлық өтініштердің, шағымдардың, арыздардың көшірмелерін сақтаңыз.

3. Прокуратура қызметкерінен дене жарақаттарын тіркеу үшін сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулыны және моральді зиян мен зардаптар деңгейін белгілеу үшін сот-психологиялық сараптама тағайындау туралы қаулыны алыңыз. Қорытындымен танысып болған соң, міндетті түрде оның көшірмесін түсіріп беруін сұраңыз немесе қорытындыны суретке түсіріп алыңыз (сараптама өткізілген күн туралы мәліметтерді, сондай-ақ, сараптама нөмірі мен сараптама жүргізген дәрігердің тегін жазып алыңыз). Егер Сіз бас бостандығынан айыру орындарында болмай, Сот-медициналық сараптама орталығында сараптамадан өту мүмкіндігіңіз болмаса, кез келген медициналық мекемеге жүгініп, дене зақымдарын құжаттай аласыз. Дене зақымдарының пайда болу себебі ретінде, Сіздің денсаулығыңызға зиян келтірілген органды және Сізге дене зақымдарын келтірген құқық қорғау немесе өзге органдардың қызметкерлерінің, егер мәлім болса, аты-жөндерін, лауазымдарын көрсетіңіз. Сіз көрсеткен себепті Сізді қараған медицина жұмыскері тіркегеніне міндетті түрде көз жеткізіңіз. Сіздің өтінішіңіз бойынша қылмыстық іс материалдарына қосу үшін түпнұсқаны алыңыз.

4. СДТБТ-де Сіздің арызыңыз тіркелген мезеттен бастап сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталады, ол, қылмыстық-процессуалды заңнаманың нормаларына сәйкес, «қылмыстық істің күрделілігі ескеріле отырып, орынды мерзімде аяқталуға тиіс».

5. Сіздің арызыңызды қабылдаудан бас тартылған, сондай-ақ, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылған және сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Сіздің құқықтарыңызды кез келген бұзушылық орын

алған жағдайда, Сіздің құқықтарыңызды бұзушылық туралы Сізге мәлім болған немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы табысталған мезеттен бастап 15 тәулік ішінде Сіздің жоғары тұрған прокурорға шағым арыз беруге немесе ҚР Қылмыстық-процессуалды кодексінің 106-бабының тәртібімен сотқа жүгінуге құқығыңыз бар. Өзіңіздің шағым арызыңызға Сізде бар жарақаттардың құжаттық растамаларын (азаптаулар туралы арыздың көшірмесін; медициналық құжаттарды (мысалы, сот-медициналық қорытындының және кез келген басқа жүргізілген сараптаманың көшірмесін, ауру тарихынан үзінді көшірменің көшірмесін, психолог қабылдауының көшірмесін, травмпункттен алынған анықтаманың көшірмесін); Сіздің мәлімдемелеріңізді растауға қабілетті куәгерлердің жазбаша және нотариус куәландырған айғақтарының көшірмесін; Сіздің арызыңыз бойынша жүргізілген тексеруге қатысты өзіңіздің қысқаша пікіріңізді) қоса тіркеңіз.

## **АЗАПТАУЛАР – БҰЛ ЛАУАЗЫМДЫҚ ҚЫЛМЫС ЕКЕНІН ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!**

**ЗАҢ - СІЗДІҢ ЖАҒЫҢЫЗДА!**



Бұл брошюраны Қазақстанның азаптауға қарсы үкіметтік емес ұйымдарының Коалициясы (Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы) дайындады.

Азаптауға қарсы Коалиция Қазақстан Республикасында азаптау мәселесіне "мүлдем төзбеушілік", оны барынша азайту саясатын қалыптастыру, ал, одан әрі азаптауларды қолдануды түп-тамырымен құрту және Қазақстанның заңнамасын халықаралық нормаларға сәйкестендіру мақсатында құрылған.

Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясының елдің барлық аймақтарында дерлік өкілдігі бар және ол 35 жетекші қазақстандық құқық қорғау ұйымын, журналист пен тәуелсіз сарапшыны біріктіреді.

Егер Сіз, Сіздің жақындарыңыз, достарыңыз, таныстарыңыз азаптаудың/қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты аяққа таптайтын қарым-қатынастың құрбаны болса, Сіз төменде көрсетілген контактілерді қолданып, Азаптауға қарсы коалицияға жүгіне аласыз:

Алматы қ. +7 (7272) 49-60-44, 11616 мобильді тел.-нан [notorture.kz@gmail.com](mailto:notorture.kz@gmail.com), [Smirnova.ig.anna@gmail.com](mailto:Smirnova.ig.anna@gmail.com)

(8 шағ. ауд, 4А-ғимараты, 423, 428-оф.)

Астана қ. +77055162121

(дүйс., сейс., сәрс., бейс., жұма 09:00-ден 18:00-ге дейін)

Ақтөбе қ. +7 7026499461

(пн., вт., ср., чт., пт. с 09:00 до 18:00)

Өскемен қ. (7232) 248-831

Орал қ. (7112) 508-929

Қарағанды қ. (7212) 420-086

Қостанай қ. (7142) 574-043

Ақтау қ. (7292) 545-168

Павлодар қ. (7182) 554-563, 641-222,

+7 7014251588 (дүйс., сейс., сәрс., бейс., жұма 09:00-ден 18:00-ге дейін)

Шымкент қ. (7252) 539-693

Талдықорған қ. (7282) 211-251, 324-661, 324-663

Тараз қ. (7262) 544-031

Интернет-сайт [www.bureau.kz](http://www.bureau.kz)